

ОӘЖ 336.647

**КӘСІПОРЫННЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕРІН БАСҚАРУДЫҢ НЕГІЗГІ
МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Өтеген Самал Қанатқызы

os.sam@mail.ru

Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – э.ғ.к., доцент Жағыпарова А.О.

Кәсіпорын қызметінің қаржылық нәтижелері алынған табыстың сомасымен және рентабельділік деңгейімен анықталады. Кәсіпорындар табысты негізінен өндірілген тауарды, қызметтерді, жұмыстарды өткізуден, сонымен қатар басқа да қызмет түрлерінен алады.

Кәсіпорын қызметінің қаржылық нәтижелерін талдау міндетті элементтер ретінде мыналарды қамтиды.: біріншіден, табыстың әрбір көрсеткіші бойынша талдау кезеңіндегі өзгерістерді бағалау (яғни, «көлденең талдау»); екіншіден, табыс көрсеткіштерінің құрылымын және оның құрылымындағы өзгерістерді бағалау (көрсеткіштерді тікелей

талдау); үшіншіден, бірнеше кезеңдер бойынша табыс көрсеткіштерінің өзгеру динамикасын зерттеу; төртіншіден, табыс көрсеткіштерінің өзгерістерінің факторларын және себептерін анықтау және оларды сандық және сапалық тұрғыдан бағалау.

Кәсіпорын қызметінің соңғы қаржылық нәтижесі бұл өнімді (атқарылған жұмыс, көрсетілген қызмет) өткізуден және басқа да өткізулерден болған нәтижелер сомасы ретінде сонымен қатар жүзеге асырылмаған операциялардан болған табыстар мен шығыстар сальдосы ретінде көрінетін баланстық пайда немесе шығын болғандықтан құжат талдаушы адамға бұл кәсіпорын табыс немесе (шығын) зиян әкелетіндігін анықтау үшін табыстар мен шығындар туралы жеткілікті мөлшерде бөлініп алынған анық көрсеткіштердің көмегімен белгілі бір кезеңдегі кәсіпорынның қызмет нәтижесіне баға беруде негізгі көрсеткіш.

Қаржылық нәтижелерді талдаудың негізгі міндеттеріне мыналар жатады.

- табыстылықтың деңгейін және оның көрсеткіштерінің динамикасын бағалау;
- өнімді (қызметтерді, жұмыстарды) өткізуден түскен табыстық факторлық талдау;
- негізгі емес қызметтің қаржылық нәтижелерін талдау;
- таза табыстылықты пайдалануды талдау және бағалау;
- өндірістік шығындардың, өндіріс көлемінің және табыстың өзара байланысын

талдау:

- өнімді өткізу бойынша жоспардың орындалуын және жоспарлы табысқа қол жеткізуді жүйелі түрде бақылау:

- табыстың сомасын және рентабельділігін арттырудың резервтерін анықтау:

- кәсіпорынның табысты және рентабельділікті арттыру мүмкіндіктерін қолдану бойынша жұмыстарын бағалау;

- қаржылық нәтижелерге объективті және субъективті факторлардың әсерін анықтау;

- анықталған нәтижелерді қолдану бойынша шараларды дайындау.

Қаржылық нәтижелердің көрсеткіштері кәсіпорын шаруашылығының барлық бағыттары (өндірістік, коммерциялық, жабдықтаушы, қаржылық және инвестициялық) бойынша қызметінің абсолютті тиімділігін сипаттайды. Олар кәсіпорынның экономикалық дамуының және коммерциялық қызметтегі барлық қатысушылармен қарым-қатынастарын нығайтудың негізгі болып табылады.

Жалпы жоғарыда айтылып кеткендай, кәсіпорынның қаржылық нәтижесі оның табысында көрсетіледі. Табыстар дегеніміз - қаржының келуі немесе активтер құнының өсуі, не болмаса пассивтердің азаюы түріндегі есепті кезеңдегі экономикалық пайданың ұлғаюы болып табылады, бұл акционерлер салымдарының есебінен өсуден басқа жағдайдағы капиталдың өсуіне әкеледі. Табыстылықтың көрсеткіштер жүйесі ең алдымен қаржылық нәтижелердің абсолютті көрсеткіштерінен тұрады, олар: өнімді (жұмыс, қызметті) өткізуден алынатын табыс; жалпы табыс; негізгі қызметтен алынатын табыс; салық салынғанға дейінгі дағдылы қызметтен алынатын табыс; салық салынғаннан кейінгі дағдылы қызметтен алынатын табыс; төтенше жағдайлардан алынған табыс; кәсіпорын қызметінің соңғы қаржылық нәтижесі болып табылатын таза табыс.

Нарық жағдайында табыстың ролі айтарлықтай артты. Өзіміз білетіндей жоспарлы-директивті экономика жағдайында оның ролі төмендетілген болатын. Табыс (пайда) табу кез келген кәсіпорынның мақсатты функциясы (қызметі) ретінде төмендетілді. Нарықтық экономикаға көшумен табыс (пайда) оның, яғни кәсіпорынның қозғаушы күшіне айналды.

Нарықтық экономика шарты бойынша кәсіпорынның экономикалық мақсаты табыс табумен анықталады. Кәсіпорынның табыстылығы нақты және салыстырмалы көрсеткіштер арқылы сипатталады. Нақты табыс көрсеткіші - бұл табыспен пайданың жиынтығы. Шет елдерде "табыс" ұғымы келесі мағынада анықталады: Табыс - бұл экономикалық пайданың өсуі есеп беру мерзіміндегі активтердің ұлғаюы немесе акционерлердің жарналарын қоспағанда пассивтердің азаюынан капиталдың өсуі.

Кәсіпорынның нарықтық экономика жағдайында қызмет етуінің экономикалық пайдалылығы табыс табумен аяқталады.

Кәсіпорынның табыстылығы абсолюттік және салыстырмалы көрсеткіштермен сипатталады. Табыстылықтың абсолютті көрсеткіші – бұл табыстар немесе пайдалардың сомасы.

Табыстылықтың көрсеткіштер жүйесі ең алдымен қаржылық нәтижелердің абсолютті көрсеткіштерінен тұрады, олар:

- өнімді (жұмыс, қызметті) өткізуден алынатын табыс;
- жалпы табыс;
- салық салынғанға дейінгі негізгі қызметтен қызметтен алынатын табыс;
- салық салынғаннан кейінгі дағдылы қызметтен алынатын табыс;
- төтенше жағдайлардан алынған табыс;
- кәсіпорын қызметінің соңғы қаржылық нәтижесі болып табылатын таза табыс.

Табыстың абсолютті мөлшері кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметінің тиімділігін емес, экономикалық тиімділігінің көрсеткішіне жатады. Сондықтан да алынатын табысты нақты бағалау үшін кәсіпорын қызметінің тиімділігін сипаттайтын және табыстылық деңгейін көрсететін рентабельділіктің әр түрлі көрсеткіштері жататын табыстылықтың салыстырмалы көрсеткіштері қолданылады.

Табыстылықтың салыстырмалы көрсеткіштеріне нарықтық экономика жағдайындағы кәсіпорынның қаржылық қызмет жасау, қаржыландыру көздерін ынталандыру және оларды тиімді пайдалану сияқты мүмкіндіктерін анықтайтын, осы кәсіпорын қызметінің тиімділігін сипаттайтын көрсеткіштері жатады.

Корпорацияның салыстырмалы табыстылық көрсеткіштеріне мыналарды жатқыза аламыз:

- жалпы активтердің рентабельділігі
- ағымдағы активтердің рентабельділігі
- меншікті капиталдың рентабельділігі
- меншікті капиталдың рентабельділігі
- тартылған капитал рентабельділігі
- негізгі қызмет рентабельділігі
- сату рентабельділігі
- инвестиция рентабельділігі
- өндірістік қорлардың рентабельділігі.

Жалпы төмендегі кестеде кәсіпорынның салыстырмалы көрсеткіштері болып табылатын рентабельдік көрсеткіштерін сипаттайды

«Upgrade S» ЖШС – Астанада 2014 жылы құрылған кәсіпорын. «Upgrade S» ұйымының мақсаты – қазақстандық сауда саласында және қаржы көпшілік таныған көшбасшыға айналу болып табылады.

Ұйым басқаруының және ұйым қызметінің тиімділігін үздіксіз арттыра отырып, жұмыскерлердің көшбасшылық қасиеттерін ынталандырып және біліктілігін дамыта отырып, Ұйым өз ажұмысшыларының тәжірибедегі, білімдегі, инновациялардағы, технологиялар мен басқарудағы артықшылықтарын пайдалану арқылы даму әлеуетін толық іске асыруға ниет білдіруде. «Upgrade S» ұйымының жуықтағы жылдарға арналған корпоративтік стратегиясы қаржы саласында көшбасшыға айналуға, ақша ағымдарын және активтердің таза құнын арттыруға, сондай-ақ өндіріс қауіпсіздігінің жоғары деңгейін қамтамасыз етуге негізделеді.

Төмендегі берілген кестеде кәсіпорынның соңғы 3 жылдағы абсолюттік табыстылық көрсеткіштері көрсетілген.

Кесте 1 - 2015 жыл, 2016 жылы және 2017 жыл аралығындағы «Upgrade S» ЖШС табыс мөлшері, мың тг

Көрсеткіш	2015 ж	Ауытқу	2016 ж	Ауытқу	2017 ж
-----------	--------	--------	--------	--------	--------

Өнімді өткізуден түскен табыс	296	147	443	528	971
Жалпы табыс	192	199	291	418	706
Негізгі қызметтен түсетін табыс	167	87	254	290	544
Салық салғанға дейінгі табыс	167	87	254	290	544
Таза табыс	134	69	203	232	435

1 - кестеде «Upgrade S» ЖШС-ның соңғы 3 жылдағы табыстылығының абсолюттік көрсеткішіне талдау жасалынған. Сондағы байқалынған жағдай соңғы 3 жылдағы кәсіпорынның табысы артқанын байқаймыз.

Кәсіпорынды қаржылық сауықтырудың негізгі бағыттарының бірі өндіріс табыстылығын арттыратын ішкі резервтерді іздеу болып табылады. Оған өндіріс қуаттылығын толық пайдалану, өнімнің сапасы мен бәсеке қабілеттілігін арттыру, өзіндік құнды азайту, материалдардық, еңбек және қаржы ресурстарын үнемді пайдалану жатады.

Сонымен кәсіпорынның қаржылық жағдайын жақсартудың бірнеше жолдарын атап көрсетуге болады: өзіндік құнды азайту қажет. Ол үшін өзіндік құнға факторлық талдау жасау, оның өсу себептерін анықтау және азайту жөнінде шаралар қолдану қажет. Материалдық, еңбек және қаржылық ресурстарының тиімді пайдалануына көп көңіл бөлу қажет.

М.А.Федотов өзінің “Кәсіпорынның табысын талдау” атты еңбегінде өтімділікті арттырудың келесі әдістерін ұсынады:

- жарғылық капиталды арттыру;
- ұзақ мерзімді заемдар алу;
- міндеттемелерді қайта құрылымдау;
- қысқа мерзімді несиелер (депозиттер) тарту;
- ұзақ мерзімді несиелер (депозиттер) тарту;
- активтерді қайта құрылымдау, сонымен қатар активтердің кейбір бөлігін сату;
- шығындар мөлшерін азайту, соның ішінде басқару шығындарын (жұмысшылардың жалақысын қоса алғанда).

Тәжірибеде кәсіпорынның қаржылық жағдайына әсер ететін негізгі үш проблема кездеседі:

- Төлемқабілеттіліктің төмен болуы, яғни ақша қаражаттарының жетіспеушілігі. Бұған кәсіпорынның кредиторлар, жұмысшылар және бюджет алдындағы міндеттемелерін өтеуге қаражаттарының жетіспеушілігі дәлел бола алады.

- Меншік иелерінің мүдделерін толық қанағаттандырмау. Бұған меншік иелері алатын табыстарының олардың салған салымдарына қарағанда әлдеқайда төмен болуы дәлел бола алады.

- Қаржылық тәуелсіздігінің немесе қаржылық тұрақтылығының төмендеуі. Тәжірибеде қаржылық тұрақтылықтың төмен болуы болашақта міндеттемелерді өтеу бойынша қиыншылықтар тудыруы мүмкін, ал бұл өз кезегінде кәсіпорынның кредиторларға тәуелді болуына алып келеді. Жоғарыда жасалынған талдау негізде біздің кәсіпорында алғашқы екі проблеманың (өте төменгі төлем қабілеттік және рентабельділік) қаржылық тәуелсіздігіне келсек, ол ұзақ мерзімді қарыздардың жоқ болуы және кәсіпорын қызметінің негізінен меншікті капиталмен қаржыландырылуына байланысты кәсіпорын кредиторларға тәуелді емес, яғни қаржылық тұрақты. Талдау барысында анықталған кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығының әлсіз жақтары негізінен төлемқабілеттілік пен рентабельділіктің төмен болуынан туындап отыр. Осыған байланысты біз кәсіпорынның қаржылық тұрақтандыру үшін төлемқабілеттік пен рентабельділікті арттыру жолдарын іздеу керек деген қорытындыға келеміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Крылов Э.И., Власова В.М. Анализ финансовых результатов предприятия // оқу құралы - Санкт-Петербург: «Санкт-Петербургский государственный университет аэрокосмического приборостроения», 2006. - 4 бет
- 2 Галияхметова А.М. Корпоративные финансы // оқу құралы - Институт экономики, управления и права. - Казань: Познание, 2014, - 62 бет
- 3 Толкачева Н.А., Мельникова Т.И. Финансовый менеджмент // оқу құралы - М. ; Берлин : Директ-Медиа, 2014, -. 74 бет
- 4 Сорокина Н., Соловьёва И.А. Экономическая сущность, виды и значение финансовых результатов предприятия
- 5 Крылов И.С. Қаржылық талдау // оқу құралы- Екатеринбург: Издательство Уральского университета, 2016 .- 86 бет
- 6 Донцова Л.В., Никифорова Н.А. Анализ финансовой отчетности // оқу құралы - 7-е изд., перераб. и доп. – М.: Издательство «Дело и сервис», 2009, - 163 бет